

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1933

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) беру және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы ғарыш

аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей тарапына дипломатиялық арналар арқылы Қорытындыны жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1933 қаулысымен бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы ғарыш аппараттарын
ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ

Ресей Тарапы ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы ғарыш аппараттарын ұшыру туралы жоспары ("Протон-М" ЗТ пайдалануды қоспағанда, 1 және 2-қосымшалар) "Байқоңыр" кешені бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес келеді және 1-қосымшада көрсетілген өзгеріс шығарылғаннан кейін келісілген деп саналатын болады.

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2001 жылы зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспары (3-қосымша) Ресей Тарапы СШҚ туралы шарт бойынша халықаралық келісімдерге сәйкес СШҚ туралы шартқа (СКСИ, Женева қ.) байланысты сақтау және инспекциялау жөніндегі бірлескен комиссия шеңберінде барлық Тараптарды (Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары, Украина) қатыстыра отырып РС-18 және РС-20 КБЗ үшін ШЖҚ-ны қолданудың құқықтық негізін ресімдемегенше келісім беруге жатпайды. Қазақстан Тарапының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 ақпандағы N 146 P000146_ қаулысымен бекітілген "Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2000 жылы ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспарлары бойынша қорытынды арқылы Ресей Тарапына жеткізілген тиісті хабарламасы орындалмаған. Қазақстан Республикасының Лиссабон Хаттамасы бойынша міндеттемелеріне сәйкес көрсетілген РС-18 және РС-20 КБЗ үшін ШЖҚ 2001 жылғы 5 желтоқсанға дейін жойылуы керек. РС-18 және РС-20 зымырандарын сынау үшін ұшыру жоспарын келісу Ресей Тарапының жоғарыда көрсетілген ШЖҚ-ны қолдану және ШЖҚ-ны жою және тиісті жер учаскелерін қайта өңдеу бойынша кейінгі болатын жұмыстарды қаржыландыру мәселелерін шешу үшін құқықтық негізді ұсынған соң жүргізілуі мүмкін.

2001 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлшектенбейтін жаңартуларды енгізу жоспары (N4 қосымша) келісу мәтіні үшін қарауға мынадай себептерге байланысты жіберілуі мүмкін емес:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында 4 қазанда 1997 жылғы жасалған Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алған жағдайында оның аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімнің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес "Байқоңыр" кешені объектілерінің жаңадан салынатын және қолданыстарын қайта жаңартатын жобаларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптамасына ұсыну және "Байқоңыр" кешенінде жаңадан салынатын объектілері үшін табиғатты пайдалануға рұқсат алу қажет.

2. Жоспарға "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне жаңарту енгізбейтін, объектілерді ұдайы пайдалану даярлығында ұстауды қамтамасыз ететін регламенттік жоспарлы-алдын алу, ұшырылғаннан кейінгі жөндеу - қайта қалпына келтіру болып табылатын бірқатар жұмыстар енгізілген. Бұл жұмыстардың нәтижелері объектілердің жұмыс істеуінің бұрын қабылданған нормативті көрсеткіштерін арттыруға әкеп соқтырмайды, оларға кететін шығындар пайдаланушылық болып табылады, ал жұмыстар объектілердің пайдаланушылық құжаттарына сәйкес орындалуға жатады.

2001 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлшектенбейтін жаңарту енгізу туралы жоспарды келісу Ресей Тарапының аталған Келісімнің

талаптарын орындағаннан кейін жүргізілуі мүмкін.

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан 2000 жылы ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру жоспары бойынша қорытындыны бекіту кезінде аталған негіздер бойынша "Байқоңыр" ғарыш айлағының жердегі ғарыштық инфрақұрылымының жалға берілген мүлкіне бөлшектенбейтін жаңартуды 2000 жылға жоспарлау бойынша мәліметтер" келісілмеген болатын. Осыған байланысты "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне бөлшектенбейтін жаңартуды 2000 жылы енгізу жоспарын орындау туралы есебі" (5-қосымша) келісілмей-ақ назарға алынады.

Сонымен қатар, Қазақстан Тарапы Ресей Тарапының назарын мыналарға аударуды қажет деп санайды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ресей Федерациясы Үкіметінің арасында 4 қазанда 1997 жылғы жасалған Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алған жағдайында оның аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімнің, "Протон-М" жетілдірілген зымыран тасығышын ұшырғанға дейін - оның қоршаған ортаға тигізетін әсеріне қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу туралы 3-бабын орындау қажеттігі;

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынау үшін ұшыру туралы хабарламаларды уақытынан кеш жіберуі (5 тәуліктен кеш) жағдайының бірнеше рет қайталануы (2000 жылғы 18 сәуірде "Сесат" ғарыш аппаратымен "Протон" зымыран тасығышының ұшырылуы, 2000 жылғы 13 қазанда әскери мақсаттағы ғарыш аппаратын "Протон" зымыран тасығышымен ұшыру), сондай-ақ олардың ұшырылғандығы туралы бұрыс ақпарат беру (2000 жылғы 20 наурызда "Думсат" ҒА-мен "Союз" зымыран-тасығышын ұшыру; биылғы жылғы 25 тамызда "Днепр" зымыран тасығышын ұшыру; 2000 жылғы 26 қыркүйекте ғарыш аппараттары тобымен РС-20 КБЗ ұшыру);

алдағы болатын ұшыру туралы хабарламада көрсетілетін зымыран тасығыштардың ыдырайтын бөліктерінің құлау аудандары координаттарының Тараптар келіскен "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартының U952195_ 2-қосымшасындағы координаттарға сәйкес келмеуі (2000 жылғы 31 қазандағы "Союз" ЗТ-мен "Союз ТМ" ҒА ұшыру, 2000 жылғы 1 қарашада РС-18 КБЗ ұшыру);

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында 1999 жылғы 18 қарашада бекітілген "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімді іске асыру жоспарында көзделген "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымыран тасығыштарды ұшырудың қоршаған ортаға әсер етуін бағалау, ластаушы заттарды қоршаған ортаға тастаудың "Байқоңыр" кешені үшін нормативтерін әзірлеу, "Байқоңыр" кешенінің объектілерін экологиялық паспорттау жүргізу, қоршаған ортаны нормадан тыс ластағаны үшін төлемдер төлеуді жүзеге асыру жөніндегі шаралар толығымен орындалмағандығы.

Қазақстан Тарапы Тараптардың "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуіне қатысты халықаралық шарттар бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерін бұлжытпай уақытында орындайтындығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдалану мәселелерін шешудегі ынтымақтастығының одан әрі нығая түсетініне сенім білдіреді.

Ескерту. Қосымшалар РҚАО-ға түскен жоқ.

1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1377 қаулысымен.

P011377_

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.